

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алыңыз:

[www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome)

AS111



# Қолданушының нұсқасы

# PHILIPS

# Мазмұндар кестесі

|          |                                                                                               |           |
|----------|-----------------------------------------------------------------------------------------------|-----------|
| <b>1</b> | <b>Маңызды ақпарат</b>                                                                        | <b>2</b>  |
| <b>2</b> | <b>Android™ үшін док динамигі</b>                                                             | <b>3</b>  |
|          | Кіріспе                                                                                       | 3         |
|          | Қораптың құрамы                                                                               | 3         |
|          | Негізгі құрылғыны шолу                                                                        | 3         |
| <b>3</b> | <b>Жұмысты бастау</b>                                                                         | <b>4</b>  |
|          | Қуатты қосу                                                                                   | 4         |
|          | Қосу                                                                                          | 4         |
|          | Уақытты орнату                                                                                | 4         |
|          | Дисплей панелінің жарықтығын реттеу                                                           | 4         |
|          | Түнгі жарықтың жарықтығын реттеу                                                              | 4         |
| <b>4</b> | <b>Ойнау және зарядтау</b>                                                                    | <b>6</b>  |
|          | Android™ жүйесімен үйлесімді                                                                  | 6         |
|          | Қолмен орнатылған Bluetooth қосылымы арқылы дыбысты ойнату                                    | 6         |
|          | Philips DockStudio қолданбасының көмегімен автоматты Bluetooth қосылымы арқылы дыбысты ойнату | 7         |
|          | Android телефонын докқа қою және зарядтау                                                     | 12        |
|          | Philips Songbird көмегімен дыбысты ойнату                                                     | 14        |
| <b>5</b> | <b>DockStudio көмегімен қосымша мүмкіндіктерді пайдалану</b>                                  | <b>17</b> |
|          | Интернеттен радио тыңдау                                                                      | 17        |
|          | Ұйқы таймерін орнату                                                                          | 17        |
|          | Оятқыш таймерін орнату                                                                        | 18        |
| <b>6</b> | <b>Өнім туралы ақпарат</b>                                                                    | <b>21</b> |
|          | Ерекшеліктер                                                                                  | 21        |
| <b>7</b> | <b>Ақаулықтарды жою</b>                                                                       | <b>22</b> |
| <b>8</b> | <b>Ескерту</b>                                                                                | <b>23</b> |
|          | Қайта өңдеу                                                                                   | 23        |

# 1 Маңызды ақпарат

- Осы нұсқауларды оқыңыз.
- Барлық ескертулерді ескеріңіз.
- Барлық нұсқауларды орындаңыз.
- Желдету саңылауларын бітемеңіз. Өндірушінің нұсқауларына сәйкес орнатыңыз.
- Радиаторлар, жылытқыштар, пештер немесе жылу шығаратын басқа құрылғылар (соның ішінде күшейткіштер) сияқты жылу көздеріне жақын орнатпаңыз.
- Қуат сымын, атап айтқанда, ашаларынан, розеткаларынан және құрылғыдан шығып тұрған жерінен басылып немесе қысылып қалудан қорғаңыз.
- Тек өндіруші көрсеткен қосымшаларды/қосалқы құралдарды қолданыңыз.
- Найзағай ойнағанда немесе ұзақ уақыт қолданылмағанда, бұл құрылғыны ток көзінен ажыратыңыз.
- Тек пайдаланушы нұсқаулығындағы тізімде берілген қуат көздерімен қолданыңыз.
- Барлық қызмет көрсету жұмыстарын білікті қызмет көрсетуші мамандарға істетіңіз. Құрылғы қалай зақымдалса да (мысалы, қуат сымы немесе ашасы зақымдалса, оған сұйықтық төгіліп кетсе немесе үстіне заттар түсіп кеткен болса, құрылғыға жаңбыр немесе ылғал тисе, ол дұрыс жұмыс істемей тұрса немесе құлап қалған болса), жөндеуге апару қажет.
- Бұл құрылғы сұйықтық тамшылайтын немесе шашырайтын жерге қойылмауы керек.
- Құрылғының үстіне қандай да бір қауіп көздерін (мысалы, сұйықтық толтырылған заттар, жағылған балауыз шамдар) қоймаңыз.
- Direct Plug-in адаптерінің ашасы ажырату құрылғысы ретінде пайдаланылатын жерде, ажырату құрылғысы пайдалануға дайын болып қалуы керек.

## 2 Android™ үшін док динамигі

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды толық пайдалану үшін өнімді келесі торапта тіркеңіз: [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome).

### Кіріспе

Осы бекітілген үндеткішпен келесі әрекеттерді орындай аласыз:


- Bluetooth қолдайтын құрылғыдан дыбысты тыңдау;
- құрылғыны micro USB коннекторы арқылы зарядтау;
- уақытты білу;
- **Philips DockStudio** және **Philips Songbird** қолданбасы беретін әр түрлі мүмкіндіктерді пайдалану.

### Қораптың құрамы

Қораптың ішіндегілерді тексеріп, түгендеңіз.

- Негізгі бөлік
- Қуат адаптері
- Док кеңейтімі
- Жұмысты бастаудың қысқаша нұсқаулығы
- Қауіпсіздік парағы

### Негізгі құрылғыны шолу



- ① Android телефонына арналған қондырма
- ② Дисплейлі панель
  - Уақытты көрсетеді.
  - Bluetooth күйін көрсетеді.
- ③  $\text{⏻}$ 
  - Bluetooth функциясын белсендіру немесе өшіру.
- ④ САҒАТ/ТҮНГІ ЖАРЫҚ
  - Уақытты орнату.
  - Дисплей панелінің және түнгі жарықтың жарықтығын реттеу.
- ⑤ +/-
  - Дыбыс деңгейін реттеу.
  - Уақытты реттеу.

## 3 Жұмысты бастау


Әрдайым осы тараудағы нұсқауларды реті бойынша орындаңыз.

### Қуатты қосу

#### ! Ескерту

- Өнімді бұзып алу қаупі! Құрылғының артында немесе астында көрсетілген кернеуге қуат кернеуінің сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
- Ток соғу қаупі бар! Айнымалы ток адаптерін ажыратқанда, ашаны әрқашан розеткадан суырыңыз. Сымды ешқашан тартпаңыз.

Қуат адаптерін қабырға розеткасына қосыңыз.



### Қосу

⏻ түймесін басыңыз.

- ↳ Bluetooth көрсеткіші ✱ жыпылықтай бастайды.

### Күту режиміне ауысу

Док динамигін күту режиміне ауыстыру үшін ⏻ түймесін қайтадан басыңыз.


- ↳ Bluetooth көрсеткіші ✱ өшеді.

### Уақытты орнату

- 1 Күту режимінде сағат орнату режимін іске қосу үшін **САҒАТ/ТҮНГІ ЖАРЫҚ** түймесін екі секунд басып тұрыңыз.  
↳ **[24H]** жыпылықтай бастайды.
- 2 12/24 сағаттық пішімді таңдау үшін **+/-** түймесін басыңыз.
- 3 Растау үшін, **САҒАТ/ТҮНГІ ЖАРЫҚ** түймесін басыңыз.  
↳ Сағат сандары жыпылықтай бастайды.
- 4 Сағат пен минутты орнату үшін 2 және 3-қадамдарды қайталаңыз.  
↳ Орнатылған уақыт көрсетіледі.

### Дисплей панелінің жарықтығын реттеу


Күту режимінде **САҒАТ/ТҮНГІ ЖАРЫҚ** түймесін қайта-қайта басып, дисплей панелінің жарықтығын реттеңіз: жоғары, орташа немесе төмен.



### Түнгі жарықтың жарықтығын реттеу

- 1 Динамикті қосу үшін ⏻ түймесін басыңыз.
- 2 **САҒАТ/ТҮНГІ ЖАРЫҚ** түймесін қайта-қайта басып, түнгі жарықтың

жарықтығын реттеңіз: жоғары, орташа  
немесе өшірулі.



## 4 Ойнау және зарядтау

Осы док динамигі көмегімен дыбысты екі әдіспен тыңдай аласыз:

- қолмен орнатылатын Bluetooth қосылымы арқылы;
- **Philips DockStudio** қолданбасының көмегімен автоматты Bluetooth қосылымы арқылы.

### Android™ жүйесімен үйлесімді

Док динамигін толығымен пайдалану үшін Android құрылғыңыз келесі талаптарға сай болуы керек:

- Android операциялық жүйесі (2.1 немесе одан жоғары нұсқасы) бар;
- Bluetooth бағдарламалық құралы (2.1 немесе одан жоғары нұсқасы);
- micro USB коннекторы бар.

micro USB коннекторы және Bluetooth функциясы бар басқа құрылғылар үшін док динамигін мына әрекеттер үшін пайдалануға болады:

- құрылғыны USB коннекторы арқылы зарядтау;
- Bluetooth арқылы дыбыс тыңдау.



#### Кеңес

- Қосымша мәліметтер алу үшін [www.philips.com/flexidock](http://www.philips.com/flexidock) бетіне өтіңіз.

## Қолмен орнатылған Bluetooth қосылымы арқылы дыбысты ойнату


Док динамигі портативті құрылғыңыздан жүйеге музыка ағынын жіберу үшін Bluetooth сымсыз технологиясын пайдаланады.



#### Ескертпе


- Bluetooth құрылғысын осы док динамигіне қосу алдында құрылғының Bluetooth мүмкіндіктерімен танысыңыз.
- Қондырмалы динамикті кедергі келтіруі мүмкін басқа электронды құрылғылардан аулақ ұстаңыз.

- 1 Bluetooth функциясын белсендіру үшін док динамигінде түймесін басыңыз.  
↳ Дисплей панелінде Bluetooth көрсеткіші жыпылықтайды.
- 2 Портативті құрылғыда Bluetooth функциясын қосыңыз.
  - Әр түрлі құрылғыларда Bluetooth функциясын белсендірудің әр түрлі жолы болуы мүмкін.




- 3 Портативті құрылғымен жұптастыруға болатын Bluetooth құрылғыларын іздеңіз.

- 4 Құрылғыда [PHILIPS AS111] көрсетілгенде қосылымды бастау үшін оны таңдаңыз.
- Егер қосылым сәтті орнатылса, қос дыбыстық сигнал растауын естисіз және экранның жоғарғы жағында басқа Bluetooth белгішесін табасыз.



- 5 Портативті құрылғының мультимедиа ойнатқышы көмегімен дыбыс ойнатыңыз.



→ Док динамигінен дыбыс шығады.

#### Кеңес

- Док динамигі мен жұптастырылған құрылғы арасындағы тиімді жұмыс ауқымы шамамен 10 метр (30 фут) болады.
- Динамик пен құрылғы арасындағы қандай да бір кедергі жұмыс ауқымын төмендетуі мүмкін.

## Philips DockStudio қолданбасының көмегімен автоматты Bluetooth қосылымы арқылы дыбысты ойнату

Philips DockStudio қолданбасы док динамигіне жаңа мүмкіндіктер жиынтығын береді, соның ішінде, автоматты Bluetooth қосылымы, Songbird музыка ойнатқышы, интернет радиосы және көп функциялы оятқыш. Қосымша мүмкіндіктерді пайдалану үшін тегін қолданбаны жүктеу және орнату ұсынылады.

## DockStudio қолданбасын Android құрылғысына орнату

Android құрылғысына Philips DockStudio қолданбасын орнатудың екі жолы бар.


### **DockStudio қолданбасын QR коды арқылы орнату**

#### Ескертпе


- Android құрылғысы интернетке қосылғанын тексеріңіз.
- Құрылғыда «QR Droid» сияқты штрихкод сканері бар екенін тексеріңіз. Олай болмаса, оны Android market сайтынан жүктеніз.

- 1 Штрихкод сканерін пайдаланып орауыштағы немесе жылдам бастау нұсқаулығындағы QR кодын сканерлеңіз.






- 2 Экрандағы нұсқауларды орындап, **Philips DockStudio** қолданбасын орнатыңыз.



↳ Портативті құрылғыда **DockStudio** белгішесі пайда болады.



- 3 Орнату аяқталғанда **[Done]** (дайын) түймесін түртіңіз.



### **DockStudio қолданбасын Android Market арқылы орнату**

Сондай-ақ, **Philips DockStudio** қолданбасын тікелей Android Market сайтында іздеп, орнатуға болады.


## Ескертпе

- Android басқаратын құрылғы интернетке қосылғанын тексеріңіз.
- Android құрылғыңызда Android Market бар екенін тексеріңіз.


- 1 Құрылғыда «Android Market» белгішесін түртіңіз.




- 2 Экранда іздеу белгішесін түртіңіз.



- 3 Іздеу жолында қолданбаны іздеу үшін «Philips DockStudio» деп теріңіз.
- 4 Іздеу нәтижелерінің тізімінде **Philips DockStudio** қолданбасын тауып, жүктеуді бастау үшін түртіңіз.
- 5 Экрандағы нұсқауларды орындап, **DockStudio** қолданбасын орнатыңыз.



- 6 Орнату аяқталғанда [Done] (дайын) түймесін түртіңіз.



## DockStudio қолданбасының көмегімен Bluetooth функциясын белсендіру

Philips DockStudio қолданбасы Android құрылғысын және док динамигін Bluetooth арқылы автоматты түрде қосуға мүмкіндік береді.

### Ескертпе

- Android құрылғысы интернетке қосылғанын тексеріңіз.


### Бірінші рет іске қосу

- 1 Bluetooth функциясын белсендіру үшін док динамигінде **Φ** түймесін басыңыз.  
↳ \* дисплей панелінде жыпылықтайды.
- 2 Құрылғының басты экранында қолданбаны іске қосу үшін **DockStudio** белгішесін түртіңіз.




- ↳ Сізден **Songbird** қолданбасын жүктеуді сұрайтын хабар пайда болады.


- 3 **[Cancel]** (бас тарту) түймесін түртіңіз.




- ↳ Құрылғы автоматты түрде жұптастыруға болатын Philips құрылғыларын іздей бастайды.



- 4 Құрылғыда **[PHILIPS AS111]** көрсетілгенде қосылымды бастау үшін оны таңдаңыз.  
↳ Қосылымды орнатуға бірнеше секунд кетуі мүмкін.



- ↳ Bluetooth қосылымы орнатылғаннан кейін экранның жоғарғы жағында басқа Bluetooth белгішесін табуға болады.




- ↳ Енді динамик арқылы дыбысты тыңдауға болады.

### Келесі іске қосу

Сіз **DockStudio** қолданбасын келесі іске қосқанда, док динамигіне Bluetooth арқылы төмендегідей қосылыңыз.


- 1 Док динамигінің Bluetooth функциясын белсендіріңіз.
- 2 Мәзіріне қол жеткізу үшін **Philips DockStudio** қолданбасын іске қосыңыз.



- 5 Портативті құрылғының мультимедиа ойнатқышы көмегімен дыбыс ойнатыңыз.



- 3 Автоматты Bluetooth қосылымын белсендіру үшін [Speaker Connection] (Динамикті қосу) пәрменін түртіңіз.




↳ Қосылымды орнатуға бірнеше секунд кетуі мүмкін.

- 4 Портативті құрылғыдағы дыбысты ойнатыңыз.

↳ Док динамигінен дыбыс шығады.

### Уақытты автоматты түрде синхрондау

Bluetooth қосылымын **Philips DockStudio** арқылы белсендіргеннен кейін док динамигі уақытты Bluetooth қолдайтын құрылғымен автоматты түрде синхрондайды.





## Android телефонын докқа қою және зарядтау

### Android телефонын докқа қою


Android телефонын зарядтау үшін алдымен оны док динамигіне қойыңыз.

- 1 Android телефонындағы micro USB коннекторының бағытын тексеріңіз. USB коннекторында қақпақ бар болса, оны ашыңыз.
- 2 Қажет болса, док динамигінде USB коннекторын бұрыңыз, одан кейін Android телефонын докқа қойыңыз.




#### Кеңес

- Егер micro USB коннекторы жоғарғы жақта орналасқан болса және Android жүйесінің 2.3 немесе одан жоғары нұсқасын пайдаланып жатсаңыз, экранды автоматты бұру қол жетімді болады.



- 3** Телефонды тұрақтандыру үшін коннектордың екі жағындағы амортизаторларды реттеңіз.




- 4** Телефонды док динамигінің ортасына қою үшін коннекторды сырғытыңыз.

### Док ұзартқышын пайдалану

Егер телефондағы USB коннекторы жиекке жақын болса, жинақтағы док ұзартқышы докқа қойылған телефонды көрсетілгендей теңестіре алады.

- 1** Екі жақтағы амортизаторларды ең төмен күйге реттеңіз.
- 2** Док ұзартқышын докқа қойыңыз.
- 3** Android құрылғысын докқа қойыңыз.



### Android телефонын зарядтау

Док динамигі қуатқа қосылған болса, докқа қойылған телефон автоматты түрде зарядтала бастайды.



## Кеңес

- Бұл функция сонымен бірге micro USB коннекторы бар Android емес құрылғы үшін қол жетімді.

## Philips Songbird көмегімен дыбысты ойнату

**Philips Songbird** — қарапайым, пайдалану оңай ДК бағдарламасы және Android қолданбасы. Ол компьютердегі мультимедианы оңай табуға, ойнатуға және Android құрылғыларымен синхрондауға мүмкіндік береді.

## Songbird қолданбасын Android құрылғысында орнату


- 1 Android құрылғысында **DockStudio** белгішесін түртіңіз.



→ **DockStudio** мәзірі көрсетіледі.




- 2 **[Songbird]** қолданбасын түртіңіз.




→ Сізден **Songbird** қолданбасын жүктеу сұралады.



- 3 Қолданбаны жүктеу үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



- 4 Орнатудан кейін [Open] (Ашу) пәрменін түртіп **Songbird** мәзірін ашыңыз.



- 5 Жолды таңдаңыз, одан кейін музыканы ойнату үшін ► пәрменін түртіңіз.



## Songbird қолданбасын компьютерге орнату

- 1 [www.philips.com/songbird](http://www.philips.com/songbird) бетіне өтіңіз.
- 2 **Songbird** қолданбасын іздеңіз.

songbird

- 3 Соңғы **Songbird** қолданбасын жүктеңіз.




- 4 Компьютерде **Philips Songbird** қолданбасын орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

## Компьютерді **Philips Songbird** арқылы синхрондау


### Ескертпе

- USB жады қосылғанын тексеріңіз.

- 1 Компьютерде **Philips Songbird** параметрін іске қосыңыз.
- 2 Android құрылғысын компьютерге USB кабелімен жалғаңыз. Құрылғыны **Songbird** танығанша күтіңіз.
- ↳ **Philips Songbird** қолданбасында құрылғы компьютер таныған кезде көрсетіледі.




- ↳ Егер құрылғыны **Philips Songbird** бірінші рет жалғап жатсаңыз, қалқымалы экран пайда болады. Автоматты синхрондауды таңдау сұралады.



- ↳ Құрылғы мен **Philips Songbird** автоматты түрде синхрондалады.

Егер автоматты синхрондауды таңдамасаңыз, **Songbird** қолданбасымен қолмен синхрондауға болады.

- 1 Құрылғы **Devices** (Құрылғылар) тармағында таңдаңыз.



- 2 **Manual** (Қолмен) немесе **Auto** (Автоматты) режимін таңдаңыз.

**Audio Syncing:** Manual Auto | Sync


- 3 **Sync** (Синхрондау) пәрменін түртіңіз.
- ↳ Егер автоматты синхрондауды таңдасаңыз, автоматты синхрондау құрылғыны компьютерге қосқанда автоматты түрде іске қосылады.

## 5 DockStudio көмегімен қосымша мүмкіндіктерді пайдалану


Philips DockStudio көмегімен сонымен бірге интернеттен радио тыңдауға, дабыл таймерін және ұйқы таймерін орнатуға болады.

### Ескертпе

- Портативті құрылғы интернетке қосылғанын тексеріңіз.



4 Іздеу жолында радиостанцияны іздеңіз.




5 Іздеу нәтижелерінің тізімінен радиостанцияны таңдаңыз.  
→ Радиостанция таратыла бастайды.

## Ұйқы таймерін орнату


1 Philips DockStudio қолданбасын іске қосыңыз.

## Интернеттен радио тыңдау


- 1 Android құрылғысын және док жүйесін Bluetooth арқылы қосыңыз.
- 2 Басты мәзірге өту үшін **Philips DockStudio** қолданбасын ашыңыз.
- 3 Экранда **[Radio]** (Радио) тармағын түртіңіз.



- 2 Ұйқы таймерінің мәзіріне қол жеткізу үшін  белгішесін түртіңіз.



- 3 Ұйқы таймерінің уақыт кезеңін таңдаңыз да, **[Start]** (Бастау) пәрменін түртіңіз.




#### Ескертпе

- Бұл функция тек **Philips Songbird** қолданбасымен бірге жұмыс істейді.


## Оятқыш таймерін орнату

**Philips DockStudio** көмегімен бірнеше дабылды орнатуға және соңғы ауа райын білуге болады. Ол тіпті ауа райы жағдайлары таңдаулы сырттағы әрекет үшін қолайлы болғанда ескертеді.


- 1 Қолданбаны іске қосыңыз.




- 2 Сағат орнату мәзірін ашу үшін **⚙** белгішесін түртіңіз.




- 3 **[Alarm settings]** (Дабыл параметрлері) тармағын түртіңіз.



- 4 Дабылды орнату мәзірін ашу үшін **+** түртіңіз.



- 5 Дабылды орнатып, экранның жоғарғы оң жағында **[Save]** (Сақтау) пәрменін түртіңіз.
- ↳ Жаңа дабыл сақталады және экранда көрсетіледі.



## Ескертпе

- **[Lifestyle]** (Өмір салты) қойындысынан таңдаулы спортты және ауа райын (тамаша, жақсы немесе орташа) таңдауға болады. Ауа райы жеткілікті жақсы болмаса шырылдамайды.

# 6 Өнім туралы ақпарат

|                 |          |
|-----------------|----------|
| Салмағы -       |          |
| негізгі құрылғы | 0,605 кг |

## Ескертпе

- Өнім туралы ақпарат алдын ала ескертусіз өзгертіледі.

## Ерекшеліктер

### Күшейткіш

|                                        |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
|----------------------------------------|--------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| Номиналды шығыс қуаты                  | 2 × 2 Вт ОКМ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                           |
| Сигнал-шу арақатынасы                  | 75 дБФ                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                 |
| <b>Жалпы ақпарат</b>                   |                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                        |
| Айнымалы ток қуаты (қуат адаптері)     | AS150-059-AA240(Philips);<br>AS150-059-AI240(Philips);<br>AS150-059-AE240(Philips);<br>кіріс: 100-240 В~, 50/60 Гц,<br>0,7 А;<br>шығыс: 5,9 В $\equiv$ 2,4 А<br>S018KU0590240 (Philips);<br>S018KV0590240 (Philips);<br>S018KB0590240 (Philips);<br>S018KS0590240 (Philips);<br>кіріс: 100-240 В~, 50/60 Гц,<br>500 мА;<br>шығыс: 5,9 В $\equiv$ 2,4 А |
| Жұмыс үшін қуат тұтынуы                | 8 Вт                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |
| Күту режимінде қуат тұтынуы            | <1 Вт                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                  |
| Зарядтау (micro USB коннекторы арқылы) | Ең жоғарғы 1А                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                          |
| Өлшемдер - негізгі құрылғы (Е × Б × Қ) | 171 × 102,6 × 171 мм                                                                                                                                                                                                                                                                                                                                   |

# 7 Ақаулықтарды жою



## Абайлаңыз

- Бұл құрылғының сыртқы корпусын шешуші болмаңыз.

Кепілдіктің жарамдылығын сақтау үшін жүйені ешқашан өзіңіз жөндеуге әрекет жасамаңыз.

Бұл құрылғыны пайдалану кезінде мәселелерге кезіксеңіз, қызмет сұраудан бұрын төмендегі тармақтарды тексеріп шығыңыз. Егер мәселе шешілмесе, Philips веб-бетіне ([www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)) өтіңіз. Philips компаниясына хабарласқанда, құрылғының жақында болуын және үлгі нөмірі мен сериялық нөмір көрініп тұруын қамтамасыз етіңіз.

### Қуат жоқ

- Құрылғының АТ қуат адаптерінің дұрыс қосылғанын тексеріңіз.
- АТ розеткасында қуаттың бар екендігін тексеріңіз.

### Дыбыс жоқ немесе нашар

- Док жүйесінің дыбыс деңгейін реттеңіз.
- Телефонның дыбыс деңгейін реттеңіз.

### Құрылғыдан жауап жоқ

- Айнымалы ток қуат штепселін ажыратып, қайта қосыңыз, одан кейін жүйені қайтадан қосыңыз.

## 8 Ескерту

WOOX Innovations тікелей рұқсат бермеген құрылғыға енгізілген қандайда бір өзгерістер немесе түрлендірулер пайдаланушының жабдықты пайдалану құқығынан айыруы мүмкін.

CE 2150 EAC

Бұл өнім Еуропа қоғамдастығының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Осы құжат арқылы WOOX Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) сайтынан табуыңызға болады.

### Қайта өңдеу



Бұл өнім қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған. Өнімде үсті сызылған дөңгелекті қоқыс жәшігінің белгісі болса, өнім Еуропалық 2002/96/EC директивасына кіретінін білдіреді.



Өнімді еш уақытта басқа тұрмыстық қоқыспен бірге тастамаңыз. Электр және электрондық өнімдердің бөлек жиналуы туралы жергілікті ережелермен танысыңыз. Ескі өнімді қоқысқа дұрыс әдіспен тастау арқылы қоршаған ортаны және адам денсаулығын сақтап қалуға болады.

**Айналаны қорғау мәселелер ақпараты**

Барлық қажетсіз орамдар алынып тасталған. Біз орамды үш материалға оңай ажыратылатын етіп жасауға тырыстық: картон (қорап), көбік полистирол (буфер) және полиэтилен (дорбалар, қорғағыш көбік орауышы.)

Жүйе мамандандырылған компания тарапынан бөлшектенген жағдайда қайта өңдеп, қайта пайдалануға болатын материалдардан тұрады. Орауыш материалдар, ресурсы біткен батареялар мен ескірген жабдықты тастауға қатысты жергілікті ережелерді ұстаныңыз.



#### Ескертпе

- Типтік кесте құрылғының астыңғы жағында.

Bluetooth® сөз белгісі мен логотиптері Bluetooth SIG, Inc. корпорациясының иелігіндегі тіркелген сауда белгілері болып табылады және мұндай белгілерді WOOX Innovations компаниясы әрдайым лицензияға сәйкес пайдаланады.







Specifications are subject to change without notice  
2013 © WOOX Innovations Limited. All rights reserved.  
This product was brought to the market by WOOX  
Innovations Limited or one of its affiliates, further referred  
to in this document as WOOX Innovations, and is the  
manufacturer of the product. WOOX Innovations is the  
warrantor in relation to the product with which this booklet  
was packaged. Philips and the Philips Shield Emblem are  
registered trademarks of Koninklijke Philips N.V.

